

«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан  
аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ  
басқарма төрағасы орынбасары

А.М. Маметов

« 06 »

2023 ж.

**«ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ АУДИТ» ЖОҒАРЫ  
МЕКТЕБІНІҢ ЖЕТЕКШІ МАМАНЫНЫҢ  
ЛАУАЗЫМДЫҚ НҮСҚАУЛЫҒЫ**

СМЖ.07.ЛН.113

№ 00 басылым  
№ \_\_\_\_\_ дана

Дайындалды: 07.04.2023 ж.	Келісілді: 03.04.2023 ж.	Енгізілді: 07.04.2023 ж.
Ибыжаңова А.Д.	Губашев Н.М. Ержанова Ж.К. Алмагамбетова М.Ж. Тасқалиев Е.К. Ихсанов Е.Б.	Алғашқы рет Қайта қаралуы: 07.04.2023 ж.

Мазмұны:

1. Бағыты
2. Қолданылу саласы
3. Лауазымдық міндеттері
4. Жауапкершілігі мен өкілеттілігі
5. Құжаттама
6. Сілтемелер

Өзгерістер				
№	Енгізілген мерзімі	Беттер нөмірі	Дайындаушы	
			Аты-жөні	Қолы

## 1. Бағыты

Осы нұсқаулық Қазақстан Республикасының «Еңбек кодексі» мен Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңына сәйкес дайындалды.

## 2. Қолданылу саласы

Осы нұсқаулық «Бизнес мектеп» жетекші маманына арналған.

## 3. Лауазымдық міндеттері

3.1. «Бизнес мектеп» жетекші маманының міндеттері:

3.1.1. Жоғары тұрған бөлімдер мен ұйымдармен қызметтік сұраныстар бойынша хаттарға жауап дайындау және жіберу;

3.1.2. Бизнес-мектеп жұмысының жылдық жоспарын дайындау, қызметтік міндеттеріне сәйкес оларды орындау үшін дербес жауапкершілік алу;

3.1.3. Әріптестік қарым-қатынас қалыптастыру үшін мекемелер мен өндірістік ұйымдармен, байланыс орнату;

3.1.4. Университеттің ресми сайтына қажетті мәліметтер дайындау;

3.1.5. «Бизнес мектеп» жұмысын жақсарту мақсатында жаңа шаралар мен әдістерді қарастыру және енгізу;

3.1.6. Үздік бизнес-жобалар көрмесін ұйымдастыру;

3.1.7. Жоғары мектептердің Бизнес жобаларды қорғау комиссиясын құруға қатысу және комиссия қызметін қадағалау;

3.1.8. Бизнес-жобаны басқару үшін жоғары мектеп оқытушыларына "Бизнес жоспарлау" біліктілікті арттыру курсы ұйымдастыру және өткізу;

3.1.9. Жоғары мектептердегі студенттерге арналған кеңес беру кестесінің уақтылы және дұрыс құрылуы мен орындалуын қадағалау;

3.1.10. Жоғары мектептердегі бір басшыға тиісті жобалардың нормативтен аспауын қадағалау;

3.1.11. Қорғау басталғанға дейін студенттердің барлық бизнес жобаларының ASAP жүйесінде плагиатқа қарсы тексеруден өту нәтижесін қадағалау;

3.1.12. Үздік жұмыстарды облыстық, республикалық және халықаралық деңгейлердегі әртүрлі конкурстарға дайындау;

3.1.13. "Бизнес-жоспарлау" пәні бойынша студенттерді бағалау пәндерді бағалаудың белгіленген жүйесі бойынша жүргізілуін қадағалау;

3.1.14. "Бизнес-жоспарлау" курсы оқытуды ұйымдастыру бойынша нұсқаулықтың орындалуын қадағалау.

## 3.2. Бағыныштылығы:

3.2.1. «Бизнес мектеп» жетекші маманы лауазымына Басқарма төрағасы-ректордың бұйрығымен тағайындалады және босатылады.

3.2.2. «Бизнес мектеп» жетекші маманы «Экономика және аудит» жоғары мектеп жетекшісіне бағынышты.

3.3. «Бизнес мектеп» жетекші маманы білуі тиіс:

3.3.1. Жоғары оқу орындарының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамалық және нормативтік актілерін;

3.3.2. Қазақстан Республикасының жоғары білім беруді дамытудың келешегін, орта мерзімді келешектегі университет дамуының басым бағыттары және оларды жүзеге асырудың негізгі шараларын;

3.3.3. Жоғары оқу орнындағы түлектердің жұмыспен өтеу және ол бойынша міндеттемеден босатудың әдістемелік негіздерін;

3.3.4. Осы лауазымдық нұсқаулықты;

- 3.3.5. Еңбек заңнамаларының негіздерін;
- 3.3.6. Еңбекті қорғау ережелері мен нормаларын;
- 3.3.7. «Бизнес мектеп» жетекші маманының құзыретіне кіретін барлық мәселелерді білуге міндетті, ұйымдастырушылық қабілет, жауапкершілік пен патриотизм сезімі, ыждағаттылық, адамдармен жұмыс істеу қабілетін болуы тиіс;
- 3.3.8. Мемлекеттік, орыс тілдерін іскерлік деңгейде білуі және дербес компьютерде жұмыс жасай білуі тиіс;
- 3.3.9. Үнемі өз біліктілігін арттырып отыруы тиіс.
- 3.4. Біліктілік талаптары:
  - 3.4.1. Мамандығы бойынша жоғары білімі, жоғары оқу орнындағы еңбек өтілі кемінде 3 жылдан кем болмауы, магистрдің немесе PhD докторының академиялық дәрежесі немесе ғылыми атағының болуы тиіс.

#### 4. Жауапкершілігі мен өкілеттілігі

- 4.1. «Бизнес мектеп» жетекші маманы:
  - 4.1.1. Өзінің лауазымдық нұсқаулығында қарастырылған лауазымдық міндеттерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда Қазақстан Республикасының қолданыстағы еңбек заңнамасында анықталған заң шегінде;
  - 4.1.2. Өз қызметін жүзеге асыру барысында құқық бұзғандығы үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында анықталған заң шегінде;
  - 4.1.3. Материалдық залал келтіргені үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында анықталған заң шегінде жауапты болады.
- 4.2. «Бизнес мектеп» жетекші маманы өкілетті:
  - 4.2.1. Университеттің құрылымдық бөлімшелерімен өзара қарым-қатынаста «Бизнес мектеп» жетекші маманы «Экономика және аудит» жоғары мектеп жетекшісіне мүдделерін білдіруге.
- 4.3. «Бизнес мектеп» жетекші маманы:
  - 4.3.1. Өзіне жүктелген лауазымдық міндет пен құқығын орындауға қажетті еңбек жағдайларымен университет басшылығынан қамтамасыз етілуін талап етуге;
  - 4.3.2. Кәсіби біліктілік деңгейін арттыруға;
  - 4.3.3. Кәсіби жағынан өзінің ар-намысы мен қадір-қасиетін қорғауға ;
  - 4.3.4. Кәсіби қызметінің жетістігі үшін өзін материалдық және моральдық жағынан көтермеленуге;
  - 4.3.5. Жылына 30 күнтізбелік күн көлемінде ақылы еңбек демалысын алуға құқылы.

#### 5. Құжаттама

-  
-

#### 6. Сілтемелер

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі 23 қараша 2015 жыл №414-V ЗРК.  
Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы.  
Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы, 18 қараша 2015 ж. №410-V.  
ҚР СТ ИСО 9001-2016 Сапа менеджменті жүйелері. Талаптар.  
«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ Жарғысы.  
Университеттің ішкі тәртіп ережелері.  
Қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулығы